

ойлауын және оқу процесіне деген ынтасын арттырып, олардың білімді терең меңгеруіне ықпал етеді. Эйдетика әдісі оқу материалын бейнелер мен ассоциациялар арқылы ұсыну арқылы балалардың оқу үдерісін жеңілдетеді, сондай-ақ оларды өз білімдерін әрі қарай жетілдіруге ынталандырады.

Оқу жетістіктерін арттыруда эйдетика әдісінің тиімділігі тек материалды жақсы меңгерумен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін ашуға және оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқу барысында оқушылардың түрлі оқу қиындықтарын жеңуіне, өз күштеріне сенуіне жол ашады. Педагогтың ролі ерекше маңызды: оның эмоционалды қолдауы мен мотивациялық ықпалы эйдетика әдісінің нәтижелілігін одан әрі күшейтеді. Мұғалімдер оқушылардың жетістіктерін мойындап, оларды қолдай отырып, оқушылардың сенімділігін арттырып, оларды оқу үдерісіне тартуға көмектеседі. [6, 21]

Қорытындылай келе, эйдетика әдісі бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін арттыруға оң әсер етіп, олардың оқу мотивациясын, шығармашылық қабілеттерін және оқу материалын меңгеру деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Бұл әдісті тиімді қолдану үшін мұғалімдер өз әдістемелік шеберліктерін үнемі жетілдіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр оқушының жеке даму траекториясына қолдау көрсетуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Келесова, С. *Бастауыш білім беру: теориясы мен тәжірибесі*. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 14 бет.
2. Садықова, Ж. *Эйдетика әдісі және оның білім беру саласындағы тиімділігі*. - Астана: Білім, 2018. – 18 бет.
3. Құдайбергенова, А. *Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту: Эйдетика әдісі*. - Шымкент: Ұлттық білім, 2019. – 16 бет.
4. Шұғаева, Р. *Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін арттыруда инновациялық әдістер*. - Тараз: Ақбұлақ, 2021. – 26 бет.
5. Есентай, Д. *Эйдетика әдісі мен оны қолданудың психологиялық негіздері*. - Алматы: Рауан, 2022. – 48 бет.
6. Жұмаділова, Қ. *Эйдетика әдісін бастауыш мектепте қолдану*. - Орал: Мектеп баспасы, 2018. – 21 бет.

Қасымбаева Д.Е., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті, ДОиВ-31-21 (к) тобы, (Алшынбаева Ж.Е., PhD, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры)

ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған.

Ойын-бұл балалардың өмірінің мектепке дейінгі кезеңіндегі жетекші қызметі. Ойын процесінде балалардың логикалық ойлау қабілетін дамып, балалар ақыл-ой, психикалық, коммуникативтік дағдыларды меңгереді. Ойын ойнау арқылы балалар қоршаған әлемді үйренеді, бір-бірімен және ересектермен өзара әрекетке түседі. Ойын барысында оның қатысушылары сюжетті «ойлап табуға» рөлдерді бөлуге, өзара әрекеттесу ережелерін келісуге ерекше мүмкіндік бар.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын ересек топ балалары үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс-әрекет және өмірі деп дәлелдеген. Н.Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану - болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген [1, 10-13 б.].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойын ересек топ балаларының жеке басын тәрбиелеу, дамыту құралы ретінде қолданылады. Ересек топ балалары ойын арқылы қоршаған ортаның құбылыстарымен, адамдар өмірімен танысып, олардың ерекшеліктерін біледі.

Білім берудің басты мақсаты - үнемі өзгеріп тұратын әлеумет жағдайына қарай өсіп келе жатқан ұрпақты даярлау. Өзгермелі өмірге қарай балаларды бейімдеуде білім мен тәрбиемен қаруландыру білім беру үрдісінің негізгі кілті болып табылады. Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген балада, білім саласында көп қиындыққа ұшырайды: есептерді шығаруда, жаттығуларды орындауда көп уақытын және күшін жоғалтады. Нәтижесінде денсаулығы әлсірейді, оқуға деген құлшынысы төмендейді. Бала логикалық операцияларды меңгергенде, анық және дәл ойлай алады, амалды орындауда неге мән беру қажеттілігін түсінеді, өзінің дұрыстығы туралы пікірін білдіре алады. Білімді меңгеру оңайға соғады, мектеп бала үшін қуаныш әкеледі.

Логикалық тәсілдер-салыстыру, талдау, жіктеу, дәлелдеу әртүрлі іс-әрекеттерде қолданылады. Білім берудің мұнай құндылығы күнде артып келеді. Мұның дәлелі ретінде компьютерлік білім сауаттылығы, логиканың теориялық негізін құрайды. Бұл жөнінде адамдық ойлаудың түрлі бағыттары бойынша:

Сократ, Аристотель, Декарт, Гегель, М. Берцфай, М. Монтессори, Ж. Пиаже, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, А.В. Запорожец, Г.С. Костюк, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, А.И. Мещеряков, Н.А. Менчинская, Д.Б. Эльконин, Н.Н. Семёнов, Б.М. Кедров, Н.В. Григорян, Л.М. Фридма, Н.А. Подгорецкая және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [2, 18-23 б.].

Логика гректің *logos* – «ойлау», «сөз», «ақыл-ой», «заңдылық» деген ұғымдарды білдіретін кең мазмұнды сөзінен шыққан. Осыған сәйкес «логика» термині, негізінен, мынадай үш мағынада қолданылады: 1) шындық дүниедегі заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын білдіру үшін; 2) ойлаудың дәйектілігін, айқындылығын, дәлелділігін білдіру үшін; 3) логика ғылымы-ойлау логикасының теориялық, ғылыми бейнесі ретінде қолданылады.

Отандық педагогтер (С.Н.Жиенбаева, Р.К.Бекмағамбетова, А.Ж. Сыздықбаева, Ә.И.Бөлшекбаева) «Мектепке дейінгі педагогика» еңбегінде былай дейді: «Ойын түзету құралы ретінде (дүниетанымдық, эмоционалды - еріктілік, іс-әрекеттік, жеке дара салаларда) психикалық процестерді дамыту және тілдік, логикалық ойлау, қозғалыс процестерін түзету құралы ретінде әрекет етеді». Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін ойын арқылы дамытып ғана қоймай, баланың жағымсыз мінез-құлқын түзетуге да ойынды орынды қолдануға болатынын көрсетеді. Ерте топ балаларының логикалық ойлау қабілетін дамыту ойынның мазмұнымен тығыз байланысты. Бала ойын кезінде өз күшін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, өзін - өзі бағалау деңгейін анықтай алады. Ойын арқылы бала өзін - өзі танып біледі.

Педагог Р.Қ.Аралбаева: «Ойын барысында баланың өзін қоршаған айналасы жөніндегі білімі, түсінігі нақтыланады және тереңдейді. Ойында бала өз түсінігін бекітіп ғана қоймайды, үлкендердің жетекшілігімен жаңа білім алу процесіндегі белсенді таным іс - әрекетінің өзіндік бір түрі болып табылады»-деп пікір айтады. Ойын баланың таным әрекетін оның ішінде логикалық ойлау қабілетін дамытумен ерекшеленеді. Бала ойыны баланың ойынға деген ынтасымен, қызығушылығымен, рөлді таңдап алуы, ойынның сюжеті мазмұны негізінде шығармашылыққа негізделеді. Ойынның мазмұнына сай кейіпкерлердің әрекеті баланың логикалық ойлауы мен қиялын дамытады. Ойын барысында бала эмоционалдық тұрғыда шынайы әсер алып, қуанады, күйзеледі, ренжиді, қанағаттанбағандық яғни ойынды толық аяқтап мақсатына жетуіне немесе аяқтай алмай қалуына байланысты болады. Мұндай жағдайда педагог баланың балаға көмек көрсетіп, ойынды аяқтауына мүмкіндік жасау керек. Бәрібір ойын барысында баланың жалпы әсері оң бағытта болады [3, 8-13 б.].

Ерте топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілетін дамытудың әдістері бар. Бұл әдістерді тәрбиеші бала әрекетін тиімді ұйымдастыруда (ойын, оқу, еңбек) пайдалануға болады. Осы әрекеттердің өзара байланысын қамтамасыз ете отырып, төмендегі әдістерді пайдаландық Балалардың ойын арқылы ойлау қабілетін дамытудың әдістері 2 суретпен сәйкестендірілген.



Сурет 1. Балалардың ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытудың әдістері

Ересек топ балаларының ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытуда қолданылатын әдістерге тоқталсақ. Ойын әрекеті арқылы ересек топ балаларының логикалық ойлауын дамыту әдістерінің бірі - ауызша түсіндіру әдісі. Бұл оқыту мен тәрбиелеу процесінде кең қолданылады. Тәрбиеші ересек топ балаларының ойынның шартын, маңызын т.б. ауызша айтып түсіндіріп, сұрақтар қойып жауабын тындап, қажет болған жағдайда толықтырады. Сондай - ақ, балаға нұсқау беріп, бағыт беріп, тапсырманы орындауға қызығушылығын арттыру маңызды болып табылады. Ересек топ балаларының атқарған ісіне сәйкес көтермелеу, мадақтау әдістерін де тәрбиеші қолданған жөн. Баланы мадақтау оның өзіне сенімділігін қалыптастырып, алдағы іске ынтамен кірісуіне ықпалын тигізеді. Сол себепті әр тәрбиеші баланы орынды мадақтауды ескеру қажет.

Көрнекілік әдісі - ересек топ балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда жетекші әдіс. Ересек топ балаларының зейіні тұрақсыз болғандықтан, ашық түсті, балаларды қызықтыратындай көрнекіліктер қолданылады. Көрнекі құралдарды қолдану көрсету, іс - қимыл тәсілін көрсету, үлгіні көрсетумен сипатталады. Ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы зор. Дидактикалық ойындарды балалардың білімін пысықтау, жаңа білімді меңгеру, уақытын тиімді өткізу үшін күн тәртібіне сай қолданамыз.

Практикалық әдістерді ойын әрекеттерін ұйымдастыруға, ойын элементтерін орындау кезінде пайдаландық. Баламен бірге ойын жағдайын құру, ойынның барысын баламен бірге талдау мен ойынға басшылық жасау - тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Осы әдістерді ойын кезінде балалармен жүзеге асырып, ойлауын дамытуға арналған сұрақтар қойып, балалардың білімін пысықтап отырдық. Сонымен қатар әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау қажет. Дамыту ойындарының әртүрлі түрлерін қолданып, мектеп жасына дейінгі балалардың оқу, ойын, еңбек әрекеттерінің өзара байланысын қамтамасыз еттік. Бірлескен ойын әрекеті процесінде балаларда ойын дағдыларын қалыптастырып, ойынды олардың тәуелсіз қызметіне айналдыруға ықпал етіп, ынталандырдық.

Логикалық ойлау қабілетін дамыту ойындарында баланың мақсатты интеллектуалды дамуымен тығыз байланысты. Өйткені, кез- келген бір ойынның түпкі мәнін шешу үшін және ойынның мазмұнынашуға, ұқсастығын, жалпылауға, қорытынды шығаруға логикалық ойды қосуды талап етеді. Бала өз кезегінде шешім қабылдау, қорытынды жасау, өз білімін әртүрлі жағдайларда қолдана білу қабілетін дамытады. Ересек топ балаларының ақыл-ой мәселелерін шешуге қызығушылық тудырады: ақыл-ой күш-жігерінің нәтижесі, қиындықтарды жеңу оларға қанағат пен жаңаны түсінуге деген ұмтылыс әкеледі. Мұның бәрі дамып келе жатқан ойынды мектеп жасына дейінгі балаларда логикалық ойлау элементтерін қалыптастырудың маңызды құралы етеді.

Ойын барысында бала жаңа білім, шеберлік, дағдыларды игеретіні белгілі. Сондықтан, бастапқыда ойындарды таңдау және өткізу кезінде ойлау қабілетін дамытатын ойындарды іріктеп алу жаңа идеялармен қатар, балалардың ақыл-ой дамуына бағытталған шығармашылық қабілеттерін дамытуға да аса назар аудардық. Белгілі бір ойындар мен жаттығуларды, жаңа дағдыларды дамыту үшін мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын, зейінін

дамыту, шығармашылық байланыстарды игеру қабілетін арттыру қажет болды.

Баланың логикалық ойлауын дамытудың ең қолайлы кезеңі - ерте балалық және мектепке дейінгі жас болып табылады. Туғаннан бастап әр баланың тиімді дамудың қолайлы жағдайларында үлкен әлеуетке ие екендігі және баланың дамуында үлкен мән береді. Бұл жастағы балаға танымдық белсенділіктің жоғарылауы баланың логикалық ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту құралдары әртүрлі. Бірақ олардың ең тиімдісін тандап алып, балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүйелі қолдану арқылы нәтижеге жетуге болады.

Логикалық ойлау қабілетін дамыту ойындарында баланың мақсатты интеллектуалды дамуымен тығыз байланысты. Өйткені, кез-келген бір ойынның түпкі мәнін шешу үшін және ойынның мазмұнынашуға, ұқсастығын, жалпылауға, қорытынды шығаруға логикалық ойды қосуды талап етеді. Бала өз кезегінде шешім қабылдау, қорытынды жасау, өз білімін әртүрлі жағдайларда қолдана білу қабілетін дамытады. Мектеп жасына дейінгі балаларда ақыл-ой мәселелерін шешуге қызығушылық тудырады: ақыл-ой күш-жігерінің нәтижесі, қиындықтарды жеңу оларға қанағат пен жаңаны түсінуге деген ұмтылыс әкеледі. Мұның бәрі дамып келе жатқан ойынды мектеп жасына дейінгі балаларда логикалық ойлау элементтерін қалыптастырудың маңызды құралы етеді.

П.П.Блонский: «Логикалық ойлау -бұл қарқынды дамуы балаларға тән белгілердің бірі болып табылатын функция» - деп атап өтті. Ерте топ балаларының ойлау қабілетінің дамуы баланың айналысқан әрекетіне тікелей байланысты. Бала жаңа білімді ұйымдасқан оқу қызметінің мазмұнында емес, практикалық іс-әрекет процесінде игереді. Баланың белсенді қатысып, қызығушылық танытқан дүниелер баланы дамытатынын ескерген жөн. Ойлау әрекетін дамытуға бағытталған оқыту кезінде бала білімді өз бетінше алуға және жүйелеуге қабілетті болады, яғни өзін-өзі дамытумен сипатталады [4, 15-17 б.].

Логика-дұрыс ойлаудың заңдары мен формалары туралы ғылым. Ойлау-танымдық процесс, бала логика арқылы объектілер арасында байланыс орнатуды үйренеді. Бұл кезең балалардың ақыл-ойының одан әрі дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады.

Ерте топ балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытатын ойындар алуан түрлі. Осы ойындар арқылы баланы дамытудың ең тиімді жолын тәрбиеші педагог тандап алғаны жөн. Ойлау қабілетін дамытатын ойындар картотекасы, жаттығулар картотекасы т.б. іріктеп алдын – ала дайындап, балалардың уақытын дұрыс ұйымдастыру қажет. Бұл ұйымдасқан оқу қызметі және сабақтан тыс уақыттағы балаларды дамытудың мүмкіндіктері болып саналады.

Зерттеу жұмысы барысында ерте топ балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда бірнеше қағидаларды басшылыққа алдық. Олар:

1. Қол жетімділік (дидактикалық тапсырманың ерте топ балаларының жеке қабілеттеріне сәйкестігі);
2. Үздіксіздік (топтар арасындағы оқу қызметінде немесе оқу қызметінен тыс шаралардың мазмұнының үздіксіздігі);
3. Жүйелілік (өткен материалдар мен алдағы өтетін материалдардың бірізділікпен жүйелілікпен жүзеге асуы);
4. Қайталау (бір ойынды бекіту, пысықтау және қиындатып қайталап орындату).

Балалардың ойын кезіндегі дидактикалық материалдың өзектілігі (тақырыптық тапсырмалардың өзекті тұжырымдары, көрнекі құралдар және т.б.) балаларға іс жүзінде тапсырмаларды ойын ретінде ұсынып, қабылдауға, дұрыс нәтижеге жетуге деген қызығушылықты сезінуге бағыт берумен сипатталады. Ойын кезінде мүмкін болатын шешімдердің ең жақсысына ұмтылуға көмектеседі, ұйымшылдық (балалар ұжымын бір топқа біріктіруге мүмкіндік береді т.б.) қасиеттерін дамытып, ойынның мазмұнына сай өз пікірлерін айтып дәлелдей алады. Сонымен қатар, бәсекеге қабілеттілік тапсырманы орындау уақытын қысқартуға және нақты қолайлы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бәсекелестерден тезірек және тапсырманы дұрыс әрі жылдам орындауға баланың ұмтылысын тудырады. Мұндай қасиеттер баланың тез ойланып әрекет етуіне, шешім қабылдап оны іске асыруға логикалық ойлау мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді. Ойын элементтері арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытып, педагогикалық процесті балалардың жасына, дамуына және мүдделеріне сәйкес ойындармен және ойын материалдарымен жабдықтаудың маңызы зор.

«Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан кіші мектеп жасындағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылатын оқу формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал. Сонымен бірге, ойын ересек топ балаларының

психологиялық жағдайларын жақсартады: көңіл аударғыштығын, байқағыштығын және мейірімділікке, кішіпейілділікке үйретеді», - деп ойынның бала өміріндегі маңызын ашып көрсетеді. Тәжірибе көрсеткендей, ойындардың әртүрлі түрлері жағымды эмоцияларға үлкен қуат береді, балаларға қоршаған әлем туралы білімдерін нығайтуға және кеңейтуге көмектеседі, балаларда өз қызметінде өзін-өзі бақылау мен тәуелсіздік артады, білім қоры артады. Дәл осы қызмет түрінде интеллектуалды және эмоционалды-жеке даму жүреді. Ұйымдастырылған білім беру іс-әрекетінде ойын-сауық материалын пайдалану әр бала үшін сәттілік жағдайын қамтамасыз етеді, ал белсенді емес балалар өзіне деген сенімділік пен қабілеттерін дамытады. Ойын барысында олардың өзара пікірі қалыптасып, сенімділігі жоғарлайды. Ойын арқылы бала бойына төмендегідей қасиеттер қалыптасып ойлау процесінің арта түскені байқалды [5, 38-47 б.].

Ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілеттерін дамыту ойынның барлық кезеңдерінде жүргізіледі. Баланың ойлау қабілеттерін дамытудың алдын - алуға жағдай жасап, баланы ұқыптылыққа үйретеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиелеп, тез әрі терең ойлау қабілетін дамытады. Ересек топ балаларының ойын әрекеті олардың арасында өзара қарым - қатынастың пайда болуымен сипатталады. Ойын барысында әр бала белсенді болып өзінің ұстанымын дәлелдеуге тырысады. Ойын көбінесе бірнеше баланың қатысуымен болады. Олар өздері ойнайтын топ құрып, ойынның дамуына, түрленуіне, күрделенуіне әсер етеді. Балалар ойынның мазмұнын өзгертіп өз қалауларымен қиялдарымен ойнап, пікір алмасады, сөйтіп олардың арасында достық, жолдастық қарым - қатынас пайда болады.

Ойын барысында олардың тәуелсіз қызметтегі белсенділігі артып, балалар өз пікірлерін, дәлелдерін айтудың алғашқы қадамдарын жасайды. Тапсырмаларды орындауға аз уақыт жұмсалады. Балалардың сөйлеуі жақсарды, сөздік қорлары молайып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын меңгереді. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту баланы мәселенің бірнеше нұсқасымен таныстырғаннан кейін, ол жаңа нұсқасын шеше алады, енді заттармен сыртқы әрекеттерге бармай, бірақ ойында қажетті нәтиже ала алады. Балаларда ойлауды дамытудың негізгі критерийлері маңызды белгілерді екіншісінен ажырату мүмкіндігі, заттарды ойлау, салыстыру, талдау, жіктеу, өз көзқарастарын дәлелдеу, себеп-салдарлық байланыстарды орнатумен сипатталады. Бұл, сондай-ақ стандартты емес ойлаудың дамуына ықпал етеді.

Ересек топ балаларының ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытуды эксперимент жұмыстары арқылы нәтижесін көрсетіп, дәлелдедік. Балабақшаның ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілеттерінің дамуын анықтауда Бюллер әдісі бойынша «Төртінші артық», М.Лурияның «Жоғалған сандарды тап» және логикалық сұрақтарға жауап беру әдістемесін қолдандық [6, 9-14 б.].


Бюллер әдісі бойынша «Төртінші артық» ойынының мақсаты:

Коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру.

Міндеті: Ақыл -ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, топтасыту)


Зерттеу жұмысының нәтижелерін өңдеуде мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі Үлгілік бағдарламаның талаптарын басшылыққа алдық. Үлгілік бағдарлама мазмұнында әр баланың біліктілігін анықтауға арналған индикаторлар мен деңгейлер көрсетілген. Біз бұл көрсеткіштерді балалармен жүргізілген әдістемелердің үш деңгеймен қарастырдық. Бұл деңгейлер мен көрсеткіштерді ересек топ балаларының берген жауаптарының, тапсырмаларды орындау деңгейлерінің қорытындысын шығаруда пайдаландық. Ересек топ балаларының әдістемелерге берген жауаптарының мазмұнын үш деңгейде көрсеттік.

Эксперимент барысында ересек топ балаларының тапсырмаларды орындауын және сұрақтарға берген жауаптарының қорытынды жиынтығын үш деңгейді (жоғары, орта, төмен) қамтыды. Ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілетінің көрсеткіштері 2 - суретке сәйкес келеді.



Сурет 2. Ересек топ балаларының ойын арқылы логикалық ойлау қабілетінің көрсеткіштері

Зерттеу жұмысының эксперимент бөлімін қорытындылай келе, ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілеттерін дамытуға болатынына көз жеткіздік. Енді төмендегі кестеде эксперимент топ балаларының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі сандық және сапалық көрсеткіштерінің өсу динамикасын ұсынып отырмыз. Ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілетінің өсу динамикасы 3 суретімен сәйкес келеді.



Сурет 3. Ересек топ балаларының ойын арқылы логикалық ойлау қабілетінің өсу динамикасы

Бұл зерттеу жұмысы барысында ересек топ балаларының ойын арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытуды тәжірибе арқылы анықтап, талдап, салыстырып, қорытынды шығардық. Ересек топ балаларының ойын арқылы ойлау қабілеттерін дамыту барысында жүргізілген тәжірибелік жұмыстар эксперимент кезінде пайдаланған әдіс-тәсілдердің, әдістемелердің дұрыстығын көрсетті.

Осы зерттеу барысында алған тәжірибе бойынша ғылыми жетекшімен бірлесіп, «Ересек топ балаларының логикалық ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту жолдары» тақырыбындағы ғылыми мақаланы жазу барысында бірқатар әдістемелер алынып, олар кезең-кезеңімен жүргізілді.

Ересек топ балаларының ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту өзекті мәселе екенін ескерсек, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, мектепке даярлау, танымдық процестерін жетілдірудің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Ересек топ балаларының қоғам дамуына сай дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың

ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан ересек топ балаларын оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Бұл мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ересек топ балаларының жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық әдістемелерді балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдана білу сауаттылығына да байланысты болмақ.

Ересек топ балаларының ойын әдістері арқылы логикалық ойлау қабылетін дамыту балабақшаның оқу тәрбие процесінде жүзеге асады.

Ойын оқу үстіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашан да өзінің қызығушылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ересек топ балаларының өз ойын көрсете білуге ішкі қажеттілік тудыруы қажет.

Ойын ешқашанда ішкі құрылымын өзгертпейді тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін қамтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді. Ересек топ балалары ойнай отырып ойланады, қиялы дамиды. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіріп, өз қажетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шығармалары:мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар. - Алматы: Ана тілі, 2014. - 384 б.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика, 2014. - 304 б.
3. Аралбаева Қ.Р. Мектепке дейінгі педагогика. - М.: полиграфкомбинат, 2012. – 217 б.
4. Выготский, Л.С. Вопросы детской психологии. - М.: просвещение, 2009. – 541 б.
5. Төлєнова Ұ.Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. - Атырау, 2002. – 137 б.
6. Микляева Н.В., Микляева Ю.В., Виноградова Н.А. Дошкольная педагогика: учебник для академического бакалавриата. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 496 с.

Қуанышбекова. А.Қ., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті, Дф-31-21к тобының студенті
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.м., арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушы Алишбаева.С.Ж*)

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ DAҒДЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛЬДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІМЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫНДАРМЕН ДАМУ

Кіріспе. Тірек-қимыл аппарат бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, арттыру. Дайындалып отырған тапсырмалар мен ойындардың негізгі міндеттері: тірек-қимыл бұзылысы бар оқушылардың әлеуметтік артта қалушы дағдыларының ғылыми-теориялық негізін анықтау; тірек-қимыл бұзылысы бар оқушылардың әлеуметтік дағдыларының ерекшелігін зерттеу; әлеуметтік дағдыларын арттыруға бағытталған тірек-қимыл аппарат бұзылысы бар оқушыларға арналған бағдарламы дайындау және оны эксперименталды түрде қолдану. Негізгі өзектілігі, осы таңда тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балалар саны өсуі мен олардың негізгі өмірлік дағдыларының артта қалуы болып отыр. Сол себепті де негізгі сұраныстарға сүйене отырып әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған әдістемелік кешенді ұсынғымыз келіп отыр. Ғылыми жаңалығы: тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын арттыруға арналған арнайы әдістемелік кешен бағдарламасын құру болып табылады.

Тірек-қимыл жүйесі - бұл кеңістікте қозғалу мүмкіндігі мен ағзаның ішкі мүшелерінің қорғанысын қамтамасыз ететін, оған тірек жүйесі болатын, ағзаға пішін беретін, қаңқа түзуші құрылымдар кешені, адамның қозғалыс аппараты. Тірек-қимыл жүйесі 640 бұлшықеттен, 200-212 қаңқа сүйектерінен, бірнеше жүздеген сіңірден тұратын, өздігінен жұмыс атқаратын